

## Азаматтардың жеке меншігіндегі ауыл шаруашылығы түліктерінен салық алу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1994 жылғы 5 сәуір N 1625. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылдың 1 сәуірінен бастап 1995.03.15. N 2120 Жарлығымен.

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Заңына сәйкес және жеке секторда мал шаруашылығын одан ары дамыту, оның жемшөп базасын, дайындау және

ұқсату ұйымдары мен кәсіпорындарының желісін қамтамасыз ету мақсатында қаулы етемін:

1. Азаматтардың жеке меншігінде өткен жылдың 1 желтоқсанында болған ауыл шаруашылығы түліктеріне жасына қарамастан мынадай мөлшерде жыл сайынғы салық белгіленсін:

	әр басқа жыл сайын (теңге)
мүйізді ірі қара малға	3,5
шошқаға	1,5
қой мен ешкіге	0,5
жылқыға	3,5
түйеге	3,5

Бұл салықты төлеушілер-жеке меншігінде аталған ауыл шаруашылығы түліктерін ұстайтын жеке адамдар болып табылады.

2. Жеке сектордағы ауыл шаруашылығы түліктеріне салық салудан түсетін қаражаттың барлық сомасы жергілікті бюджетке жіберіледі.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бір ай мерзім ішінде салық алу мен оны жергілікті бюджетке аудару тәртібі мен мерзімін әзірлеп, салық органдарына жеткізетін болсын.

4. Жергілікті әкімдер халықтың жеке шаруашылығын дамытуға, мал төлі мен құс балапанын, жем-шөп, құрылыс материалдарын сатып алуға, шабындық пен жайылым үшін жер бөлуге барынша жәрдемдесетін болсын.

5. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті жыл қорытындысы және бірінші жарты жылдық бойынша жеке сектордағы мал басының саны және мал шаруашылығы өнімдерін өндіру жөніндегі есеп беруді белгілесін.

6. Бұл Жарлықтың Заң күші бар және "Қазақстан Республикасындағы салық жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін іс-әрекет етеді.

7. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті осы Жарлықтан туындайтын тиісті заң актілерінің жобасын Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесіне енгізетін болсын.

8. Жарлық жарияланғаннан кейін үш айдан соң күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті